

егемен

Развешетан

## Бозбала Мұқағали

Марат Тоқсанбаев деген көптен таныс ағамыз бар. Мәкең 1991 жылы алғаш рет Еңбек министрлігі ашылып, оның жанынан көші-қон бөлімі құрылғанда осында қызмет істеуге өзі сұранып барған адам.



Ол тұста бұл саланы басқарып отырған министр Саят Бейсенов: «Сенің қаның бар ма? Мұндай жерде тек қаны бар адам ғана жұмыс істейді», деп қатты ескертіпті. Сөйтіп Марат Есімқұлұлы көші-қон саласында тапжылмай ширек ғасырдан астам уақыт еңбек етіп, екі жыл бұрын зейнетке шықты.

Ал мына сіздер көріп отырған фото-жәдігер Марат ағаның жеке архивінен алынды. Фотодағы екі адамның бірі, яғни сол жақта тұрған – Есімқұл Тоқсанбаев, жоғарыда айтып өткен Марат ағаның әкесі. Оның қасындағы – басында сұр қалпағы бар, көйлегінің кеңірдек түймесіне дейін әдіптеп салған, үстінде Кеңес дәуірінде көпшілік жаппай тұтынған мақталы күпәйке киген адам атақты ақын – Мұқағали Мақатаев.

Есімқұл мен Мұқағали түйдей құрдас әрі бір класта оқыпты. Орта мектепті бітірген соң екі дос оқу-тоқу іздеп, елден ұзап кетпей Қарасаз ауылдық кеңесіне хатшы-қосшы болып нәпақасын тауып жүрген.

Бірде ауылға орыс фотограф келіп, жұртты сатырлатып суретке түсірген. Ел қатарлы сурет алдырайық десе екі доста ақша жоқ. Сосын қайтеді? Тоқсанбай қарияның қорасында тұрған бір ешкіні жетелеп шығып, болмашы теңгеге сатады да, осы суретті алғызады. Бұл 1948 жылдың көктемі екен.

Мұқағали ақының бозбала шақтағы мөлдір бейнесі үшін сатылған ешкіде арман жоқ шығар... Марат айтады:

– Бұл фотоны бала күнімде көріп жүрдім. Бертінде жоғалып кетті.

– Қалай тауып алдыңыз?

– 1999 жылы көші-қон агенттігі елордаға қоныс аударды. Осы көшпен бірге мен де келдім. Мұндағы жұрт қазақ салты бойынша апта сайын «ерулік» шайға шақырады. Бірде кезекті шақырған үйге кіріп барсам, есік көзіндегі аяқкиім шешетін жерге газет төсеп қойыпты. Қарасам, әлгі газет бетінде мына фото тұр. Көзіме оттай басылды. Газетті жерден жұлып алып, қойныма сүңгіттім.

– Газеттің аты есіңізде бар ма?

– Есімде қалмапты. Бұрынғы Торғай облысына қарасты аудандардың бірінің басылымы екені анық.

Бұл сурет осылай табылған екен. Содан Мәкең газеттегі фотоны өңдеп, көбейтіп, бір данасын ауылдағы әкесі Есімқұлға жібереді. Жарықтық жүрегі жарылардай қуанып: «1976 жылы қаңтар айында жан досым Мұқағали ауырып, Алматыда ауруханада жатыр дегенді естіп, сорпа-суымды әзірлеп жеттім. Дерт меңдеп жұқарып қалған екен, мені көріп көзіне жас алды. Қимай қоштастық. Көктем шыға «қайтыс болды» деген хабар келді. Мына суретті көріп өлгенім тірілгендей қуанып отырмын» депті. Есімқұл атамыз да ұзақ жасап, өткен жылы шілде айында 89 жасында бақиға аттанды.